

**БЕКІТЕМІН**  
президенті  
Эрсой Альп Эр Тунга  
2022ж.

**«Халықаралық Алматы әуежайы» АҚ**  
АЛМАТЫ АЭЖ

АҚ МЕКЕНЖАЙЫ  
АЭЖ АТНАСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ТҮРКІЕ АЭЖ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

**Халықаралық Алматы әуежайында  
жеңіл автокөлік автотұрақтары қызметін көрсету туралы  
Жария шарт №16-14-\_\_\_\_\_**

Алматы қ.

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2022жыл

Бұдан әрі «Қоғам» деп аталатын «Халықаралық Алматы әуежайы» АҚ Жарғы негізінде әрекет ететін президент Эрсой Альп Эр Тунга атынан бірінші тараптан, және бұдан әрі «Клиент» деп аталатын Халықаралық Алматы әуежайы (әрі қарай-Әуежай) аумағына кіруді және автокөлікті тұраққа, соның ішінде жабық тұрақ кешеніне қоюды жүзеге асыратын тұлға екінші тараптан, бірге «Тараптар», жеке-жеке «Тарап» немесе жоғарыда көрсетілгендей аталатын, төмендегі туралы осы келісімді (әрі қарай-Шарт) жасасты:

**Шартта қолданылатын терминдер мен анықтамалар**

«Автотұрақ қызметі» - Әуежайдың аумағына, оның ішінде жабық тұрақ кешені аумағына автомашинаның (көлік құралының) кіруі, шығуы, аялдауы және тоқтап тұруы;  
«Тұрақ билеті» - Алматы халықаралық әуежайының аумағына кірген кезде клиентке берілетін және шарт жасалғанын растайтын магниттік жолағы бар бір реттік картон билет.

**1. Шарттың мәні**

1.1. Қоғам Алматы қаласы, Майлин көшесі, 1 үй мекенжайы бойынша орналасқан әуежай аумағында автотұрақ қызметтерін көрсетуге міндеттенеді, ал Клиент автотұрақ қызметтерін Шарттың талаптарына сәйкес төлеуге міндеттенеді.

**2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

2.1. Қоғам міндеттенеді:

- 2.1.1. Клиенттің автокөлік құралын жолаушылар терминалының ашық тұрағына және әуежай кешенінің жабық тұрақ кешеніне кіруін қамтамасыз етуге;
- 2.1.2. Клиенттің автокөлік құралына тұрақ орнын ұсынуға;
- 2.1.3. Автокөлік құралдары тұратын орындарды, қозғалыс бағыты мен тұраққа қоюға және аялдауға тыйым салынған орындарды жол белгілерімен белгілеуге;
- 2.1.4. Қызмет құны туралы ақпаратты жалпыға қолжетімді орынға, соның ішінде Әуежай аумағына кіреберіс жерге орналастыруға.

2.2. Қоғам құқылы:

- 2.2.1. Клиенттің автокөлік құралының тұрағы үшін орын беруге техникалық мүмкіндік болмаған жағдайда Шарт жасасудан бас тартуға;
- 2.2.2. Клиенттен автокөлік құралын тек осы мақсатта арнайы бөлінген орындарға қоюды талап етуге;
- 2.2.3. Клиенттен Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген өртке қарсы, санитарлық нормалар мен жол қозғалысы ережелерін сақтауды талап етуге;
- 2.2.4. Клиенттен қоғамның мүлкіне келтірілген залалды өтеуді талап етуге.
- 2.2.5. Клиент Қоғам ұсынған қызметтерді төлеуден бас тартқан жағдайда, ол жасаған құқық бұзушылықтан, қылмыстан немесе өзге де құқыққа қарсы әрекеттерден келтірілген залалды

уәкілетті мемлекеттік органның қызметкерлері келгенге дейін және қоғамға келтірілген залалдар толық өтелгенге дейін клиенттің автокөлік құралының әуежай аумағынан шығуына тыйым салуға.

2.2.6. Бұрын көрсетілген қызметтерге ақы төленбеген, бұрын Алматы қаласы халықаралық әуежайының аумағында құқыққа қарсы әрекеттер жасаған немесе өзге де объективті себептер бойынша клиенттен 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде айыппұл өндіріп алуға және Алматы қаласы халықаралық әуежайының аумағына кіргізуге.

2.2.7. Шарттың 2.3.4 т. талаптары бұзылған жағдайда Клиенттің автокөлік құралын әуежай аумағынан айып тұрағына көшіруге;

2.3. Клиент міндеттенеді:

2.3.1. Қоғамға автотұрақ қызметтері үшін уақтылы және толық көлемде ақы төлеуге;

2.3.2. Автокөлікті арнайы бөлінген орындарда ғана тұраққа қоюды жүзеге асыруға;

2.3.3. "Такси" қызметін көрсететін автокөліктер осы мақсатта арнайы бөлінген, арнайы ақпараттық белгімен немесе жол таңбасымен белгіленген орындарда ғана тұраққа қойылуы тиіс;

2.3.4. Автокөлік құралының белгіленбеген орындарда, оның ішінде шығу, кіру, өту жолдарында, сондай-ақ автокөлік құралының аялдауы және тұруы басқа автокөлік құралдарының одан әрі жүруіне қиындық туғызатын немесе мүмкін болмайтын жерлерде, сондай-ақ арнайы автокөлік (такси) тұрағы үшін бөлінген орындарда аялдауына және тұрағына жол бермеу).

2.3.5. Әуежайдың ашық автотұрағында автокөлік құралының бір тәуліктен астам мерзімге тұруына жол бермеуге.

2.3.6. Қоғамға келтірілген зиянды өтеуге;

2.3.7. Қоғамға Шартта белгіленген жағдайларда клиенттің автокөлік құралын айыппұл тұрағына эвакуациялауға байланысты шығындарды өтеуге.

2.3.8. Төтенше жағдай туындаған жағдайда клиентке тиесілі автокөлік құралының орнын ауыстыру жөнінде қажетті шаралар қабылдауға;

2.3.9. Қоғам тарапынан тиісті рұқсатсыз әуежай аумағында әртүрлі тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жарнамаламауға және ұсынбауға.

2.4. Клиент құқылы:

2.4.1. Шарт жасалғанға дейін қызмет құны, автокөлік құралының тұрағы үшін бос орындардың болуы және қозғалыс бағыты туралы ақпараттарды алуға.

2.4.2. Қоғамның мүлкіне келтірілген залалды өтеу құны туралы, сондай-ақ клиенттің автокөлік құралын эвакуациялау кезінде шығындарды өтеу құны туралы ақпарат алуға.

### 3. Шарт жасасу талаптары

3.1. Осы Шарт әуежай аумағына кірген сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

3.2. Осы Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 387-бабына сәйкес Жария шарт болып табылады.

### 4. Төлеу тәртібі мен мерзімдері

4.1. Шарт бойынша көрсетілетін қызметтердің құны, қосымша құн салығын ескере отырып, қоғамның нормативтік актісімен белгіленеді.

4.2. Автотұрақ қызметтерінің ақысы Тұрақ билетін алған (Шарт жасасқан) сәттен бастап және әуежай аумағынан нақты шығу сәтіне дейінгі Клиенттің автокөлік құралының әуежай аумағында болған нақты уақыт үшін алынады.

4.3. Клиентке 15 (он бес) минут автотұрақ қызметтерін тегін пайдалану құқығы беріледі. Вокзал маңы аумағына тәулігіне үш реттен артық емес ақысыз кіруге рұқсат беріледі.

4.3. Клиент тұрақ қызметін алғаннан кейін төлем жасайды.

4.4. Клиент тұрақ билетін жоғалтқан не бүлдірген жағдайда, ақы төлеу автомашинаның нақты тұрған уақыты үшін жүргізіледі.

## 5. Тараптардың жауапкершілігі

- 5.1. Қоғам мен Клиент Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шарт талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.
- 5.2. Қоғам күзет қызметін көрсетпейді және клиенттің мүлкінің жоғалғаны, ұрланғаны және бүлінгені үшін, оның ішінде клиенттің автокөлік құралындағы автокөлік құралдары мен заттар үшін жауапты болмайды.
- 5.3. Тараптар Төтенше жағдайлар, сондай-ақ міндеттемелерді орындаудың мүмкін болмауына әкеп соққан еңсерілмейтін күштің (дүлей құбылыстардың, апаттың, төтенше жағдай режимін енгізудің және т. б.) әсерінен туындаған мән-жайлар жағдайында осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.
- 5.4. Шарттың 2.3.3, 2.3.4, және 2.3.9 ережелерін бұзған Клиенттің автокөлік құралы мәжбүрлі түрде Әуежай аумағынан эвакуациялануы мүмкін.
- 5.5. Клиент Шарттың 2.3.3, 2.3.4, және 2.3.9 ережелерін бұзған жағдайда Қоғам одан әрі оның көлік құралының әуежай аумағына кіруіне тыйым салуға құқылы.

## 6. Шарттың әрекет ету мерзімі

- 6.1. Шарт бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.
- 6.2. Шарт белгіленбеген мерзімге жасалған болып есептеледі және Тараптар міндеттемелерді орындаған кезге дейін қолданылады.

## 7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескерту

7.1. Тараптар Шарттың қолданылу мерзімі ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске қатысты барлық ұлттық және халықаралық заңдарды, ережелер мен стандарттарды сақтауға міндеттенеді. Бұл міндеттеме, атап айтқанда, тараптар әрекет ететін елдерде сыбайлас жемқорлық, ықпал ету саудасы, заңсыз иемдену, пайыздарды заңсыз алу, мемлекеттік қаражатты ысырап ету, фаворитизм немесе кез келген басқа да адалдықты бұзуға бағытталған барлық заңдарды сақтау міндеттемесін, сондай-ақ осы саладағы барлық ұлттық және халықаралық заңнаманы қамтиды. Келіссөздер мен келісімшарттарды орындау белсенді немесе бәсең сыбайлас жемқорлық, формальдылықтарды оңайлату үшін төлемдер, ықпал ету саудасына қатысу ретінде саралануы мүмкін іс-әрекеттерге немесе фактілерге әкеп соқтырмауға тиіс. Тараптар серіктестеріне немесе өз серіктестерінің арақатынасына заңсыз сыйақы бопсалаудан, ұсынудан немесе төлеуден аулақ болуға тиіс. Олар барлық қызметкерлердің осы міндеттемені орындауын бақылауға міндеттенеді. Тараптар өздерінің серіктестеріне немесе әлеуетті клиенттеріне қандай да бір артықшылықтар (шақырулар, сыйлықтар, басқалар) ұсынбай, шарттық келіссөздер жүргізілуіне тиіс ниеттестік, адалдық және тәуелсіздік талаптарын сақтауға міндеттенеді. Алайда, жақсы қарым-қатынасты сақтау GroupeADP өзінің <https://www.parisaeroport.fr/en/group/csr/ethics-and-compliance/codes-of-conduct> веб-сайтында әр түрлі тілдерде, соның ішінде түрік тілінде <http://codeofconduct.groupeadp.fr/> жариялаған «GroupeADP мінез-құлық кодексінде» белгіленген ережелерге сәйкес символдық құнды жарнамалық сыйлықтармен, ақылға қонымды түскі аспен және кәсіби шақырулармен өлшенетін ашық алмасуға әкелуі мүмкін. Бұл жалпы қабылданған әдістер келіссөздер мен келісім-шарт жасасу кезеңдерінен тыс уақытта ғана болуы мүмкін.

Тараптар өздері үшін немесе үшінші тарап үшін преференциялық режимді алу мақсатында жекеше немесе құпия ақпаратты ұсынбауға және сұрамауға міндеттенеді.

Тараптар келісімшартқа байланысты және келісімшарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде және одан кейін кез келген уақытта олар өздерінің немесе олардың қосалқы мердігерлерінің, келісімшартты орындау кезінде тұспалданатын агенттерінің немесе олардың бақылауындағы немесе келісімшарттың әсерін айқындайтын басқа да үшінші тараптардың болуын қамтамасыз ету үшін барабар сыбайлас жемқорлыққа қарсы алдын алу шараларын сақтайтындығымен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы халықаралық және ұлттық талаптарға сәйкес болатындығымен келіседі. Егер Тараптардың бірі сыбайлас жемқорлық актісін жасауға қандай да бір әрекеттер жасағаны туралы белгілі болған жағдайда, ол орынды мерзімдерде жағдайды түзету жөнінде қажетті шараларды дереу қабылдауға және осындай әрекеттер туралы екінші Тарапты хабардар етуге тиіс. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы осы тармақта баяндалған міндеттемелер бұзылған жағдайда [TAV Group ұйымы] клиенттің көлік құралының бұдан былай кіруінен бас тартуға құқылы, бұл ретте, кіруден бас тарту және келісімшарттың қолданылуын одан әрі тоқтата тұру кезінде келісімшарт бойынша тиесілі барлық сомалар қолданыстағы заңнамада рұқсат етілгендей төленуге тиіс болып қала береді деп түсініледі.